



ТЕХНОЛОГИИ ПЕРЕВОДА И СРАВНИТЕЛЬНОЕ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ В ЗЕРКАЛЕ НАУЧНОГО НАСЛЕДИЯ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Сборник материалов международной
научно-практической конференции

**Технологии перевода и сравнительное
литературоведение в зеркале
научного наследия Ахмета Байтурсынова**

*Сборник материалов международной
научно-практической конференции*

**Астана
2022**

УДК 80/81

ББК 81.2

Т38

Рецензенты:

Буркова Т.А., доктор филологических наук, профессор Башкирского государственного педагогического университета им. М.Акмуллы, Башкортостан, РФ

Булатбаева Г.Н., доктор педагогических наук, Национальная Академия имени Ы.Алтынсарина, г. Астана

Загатова С.Б., кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института, г. Астана

Научный редактор:

Биженова А.Е., доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Редакционная коллегия:

Кенжигожина К.С., PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Анафинова М.Л., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Нуркенова С.С., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Технологии перевода, сравнительное литературоведение и языкознание в зеркале научного наследия Ахмета Байтурсынова. Сборник трудов международной научно-практической конференции. - Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 170 с.

ISBN 978-601-326-670-1

В сборнике представлены тексты докладов участников одноименной международной научно-практической конференции, проведенной кафедрой иностранной филологии ЕНУ им. Гумилева и посвященной 150-летию Ахмета Байтурсынова. Разносторонность научного наследия великого казахского ученого обусловила представленную тематику включенных в сборник текстов на казахском, русском и английском языках.

Конференция проведена в рамках проектно-целевого финансирования МОН РК «Научные основы модернизации системы образования и науки» (2021-2023, Рег. №OR 11465474) совместно с НАО имени Ыбырая Алтынсарина.

Тексты не подлежали правке и размещены в авторской редакции и стилистике.

УДК 80/81

ББК 81.2

ISBN 978-601-326-670-1

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022

А. БАЙТУРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДЫҒЫ БАҒАЛАУДЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қ. Б. Даутбаева
докторант

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана қ.

Г.К. Сыздықбаева
Ағылшын тілі мұғалімі
М.В. Ломоносов атындағы
мектеп-гимназиясы
Т. Рыскулов с.

Аңдатпа: Мақалада тілдік қарым-қатынаста туындайтын ерекше категория – тілімізде кеңінен қолданылатын аясы кең бағалауыш сөздердің мағыналық құрылымы Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары негізінде талданады. Тақырып шетел және отандық ғалымдардың тұжырымдамалары арқылы дәйектелген. Бағалауыштық мағына тіл жүйесінің түрлі деңгейін қамтиды. Бағалау семантикасы – лексикалық деңгейдегі бірліктердің семантикасының ажырамас бөлігі. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі бағалауыш семантикаға бай саналады.

Түйін сөздер: бағалауыш сөздер, бағалауыш лексика, баға, семантика, категория, сөз таптары, когнитивтік лингвистика

Аннотация: В статье на материале произведений Ахмета Байтурсынұлы анализируется особая категория, возникающая в языковом общении, семантическая структура широкоупотребительных оценочных слов в нашем языке. Тема сопровождается концепциями зарубежных и отечественных ученых. Оценочное значение охватывает разные уровни языковой системы. Семантика оценки является составной частью семантики единиц на лексическом уровне. С этой точки зрения казахский язык богат оценочной семантикой.

Ключевые слова: оценочные слова, оценочная лексика, оценка, семантика, категория, части речи, когнитивная лингвистика

Abstract: The article analyzes a special category that arises in linguistic communication, the semantic structure of widely used evaluative words in our language, based on the material of the works of Akhmet Baitursynuly. The topic is accompanied by the concepts of foreign and domestic scientists. Evaluative meaning covers different levels of the language system. The semantics of evaluation is an integral part of the semantics of units at the lexical level. From this point of view, the Kazakh language is rich in evaluative semantics.

Keywords: evaluative words, evaluative vocabulary, evaluation, semantics, category, parts of speech, cognitive linguistics.

Соңғы уақытта тілдің фактілерін функционалдық, семантикалық, прагматикалық, этнолингвистикалық және когнитивтік тұрғыдан зерттеу қарқын ала бастады. Адам танымы, өмірден түйгені, тәжірибесі арқылы түрлі құбылыстар мен заттарды танып, оларды жақсы және жаман, адал және арам, жауыз немесе мейірімді т.с.с бағалық қасиеттер тұрғысынан жіктейді. Яғни бағалау дегеніміз – тілдік қарым-қатынаста туындайтын ерекше категория. Бағалау арқылы белгілі бір зат немесе құбылыс туралы пікір пайымдалады. Сол пікірлерден ауқымды, әлемдік категориялар пайда болады.

Бағалауыш лексика көне заманнан бері ойшылдардың, зерттеушілердің назарын аударып келе жатқан категория саналады. Бұл туралы алғашқы деректер мен пайымдарды Аристотель еңбектерінен кездестіруге болады. Онда баға категориясы бағаны қабылдауға қабілетті объект түрлерімен, баға мәнін беретін сөздермен, баға предикатының мағынасын ашумен сипатталады.

Лингвистикалық категория ретінде бағалау адамның объектіге объективті-субъективті немесе субъективті-объективті қатынасы, лингвистикалық құралдармен эксплициттік немесе жасырын түрде көрсетілген.

Жалпы бағалау категориясына қатысты, оның мағынасы мен мен табиғатына деген көзқарас әртүрлі. Соған сай категорияларға берілген анықтамалар да әрқилы.

Мәселен О. Ахманованың лингвистикалық терминдер сөздігінде «бағалау» ұғымы «Оценка - ... суждение говорящего, его отношение – одобрение или неодобрение, желание, поощрение и т.п. – как одна из основных частей стилистической коннотации» [1] деп беріліп, сөйлеушінің сөйлеуге қатынасын білдіретін категория ретінде анықталады.

Н. Ильинаның пайымдауынша, бағалау категориясы «умственный акт, являющийся результатом взаимодействия человека с окружающей его действительностью. Человек оценивает способность того или иного объекта удовлетворять его потребности, желания, интересы или цели. Найдя предмет или его свойство полезным, приятным, добрым, красивым и т.п. он совершает оценку» [2].

В.Виноградов бағалау мағынасының синтаксистік деңгейде пайда болатынын алға тарта отырып «оценка нередко определяет выбор и размещение всех основных элементов высказывания» [3] деген ой түйеді.

Бағалау сонымен қатар белгілі бір қоғамның, белгілі бір халықтың және белгілі бір дәуірдің адамына тән әлемнің ұлттық бейнесімен байланысты. Мұндай бағалау мәлімдемелері оқырманнан немесе тыңдаушыдан тиісті мәдени білімді талап етеді.

Осылайша, реципиенттің бағалауды дұрыс қабылдауы үшін оның қандай пресуппозициялары бар екенін ескеру қажет.

Қазақ тіл білімінде ғалым Қ. Есенова: «Баға не бағалай сөйлеу салты дегеніміз – сөйлеушінің нысанаға алған нәрсе жөніндегі мақұлдау, қарсылық, ықылас не тілек, т.б. түріндегі көзқарасын білдіретін пайымдауы, стильдік қосымша мағына мен мағыналық реңктің негізгі бір түрі» деп қарастырады [4].

Б. Момынова болса бағалаушылық деп сөйлеушінің өз тарапынан құбылыс пен зат, іс-әрекет атауына берген бағасы, көзқарасы, оған деген қарым-қатынасын айтады [5].

Ал ғалым Ш. Нұрғожина «... под оценочностью, следовательно, нужно понимать имеющееся в слове отрицательное или положительное отношение говорящего к объекту речи» [6] дейді.

Жалпы отандық тіл білімінде бағалаушылық мағына жайлы Ш. Нұрғожина, О. Бүркітов, Қ. Есенова, А. Алдашева, М. Серғалиев, Қ. Есенова, З. Ерназарова, Ғ. Түсіпбекова, Ж. Манкеева т.б ғалымдар зерттеген.

Э. С. Азнаурова, И. В. Арнольд, И. А. Стернин және басқа ғалымдардың пікірінше, сөз құрылымындағы бағалау компоненті коннотацияға енеді [7] осы көзқарасты ұстанатын лингвистер коннотация сөйлеушінің объектіге қатынасын көрсететіндігіне негізделген, сондықтан бағалауды коннотацияға жатқызу керек. Сонымен, и. А. Стернин сөйлеуші өзінің мотивтерін басшылыққа ала отырып, бағалау сөзін шындыққа сәйкес келе ме, жоқ па, қолдана алады деп сендіреді [8].

Жалпы категория деп танылудың алғышарты – тілдік категорияның өзіне тән жалпы мағынасының болуы. Орыс ғалымы А. В. Бондарконың пікіріне сүйенсек, категорияның жалпы мағынасы категорияның ішкі ұсақ мүшелерінің мағынасынан туындайды.

Осы жағынан алғанда, тілдегі бағалаушылық категорияның жалпы мағынасы деп зат не құбылыстың, шынайы өмірде болуын айтамыз. Себебі ол мағына осы категорияның ішкі мүшелерінің жеке мағыналарынан жиынтықталып, құрылады, пайда болады. Бұл аталған категорияның ішкі мүшелерінің мағыналары грамматикалық тәсілмен де, лексикалық тәсілмен де жасалады [9].

А. В. Филиппов бағалау сөздің денотативті компонентіне қатысты деп санайды [8, 27]. Н. А. Лукьянова коннотация мағынаның қосымша көлеңкесі деген пікір дұрыс емес деп қарастырған [9].

Бағалаушылық мағына тіл жүйесінің түрлі деңгейін қамтиды. Бағалау семантикасы – лексикалық деңгейдегі бірліктердің семантикасының ажырамас бөлігі. Бағалаушы сөздердің мағынасы тілдегі жалғыз ғана сөз табына ғана қатысты болмайды, бірнеше сөз табымен байланысты болады. Бағалаушылық мағына бір жағынан сын есімдерге қатысты болса, екінші жағынан зат есім, етістік сияқты сөз таптарының мағыналарын иеленеді.

Бағалау коннотациясы бар ең көп таралған туынды бірліктер – зат есімдер мен сын есімдер. Лексикалық деңгейде сөздердің екі түрі бар: мазмұнның ажырамас элементі ретінде бағаланатын сөздер, яғни оның мағынасында бұрыннан бар сөздер және контексте бағаланатын

түске ие бейтарап сөздер. Бағалау категориясын білдірудің синтаксистік құралдары өте маңызды, өйткені бұл эмоцияның стилі мен көрінісін құрудың жоғары әлеуеті бар синтаксис.

Сын есімдер семантикасында абсолюттік баға беретін есім сөздер өте көптеп саналады. Мәселен, олақ, надан, бұзақы, мыстан, арам, қорқақ сияқты жағымсыз мағынадағы және сонымен қатар, жағымды мағынадағы әдемі, жүйрік, кемеңгер, абзал, батыр және тағы да басқа сөздерді алуға болады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Ат пен есек» өлеңіндегі

«Жығылды Есек байғұс дымы құрып,

Тұрмады айдаса да иесі ұрып.

Сойды да, жүгін, терісін

Атқа салып, Қалаға келе жатты тағы жүріп» [10],

деген жолдарда байғұс сөзі соған мысал бола алады. «Байғұс» сөзі тармаққа оқырманға ерекше әсер ететін автордың өзіндік көзқарасымен берілген бағалауыштық реңк үстейді.

«Ертеден кешке дейін дамыл алмай,

Өткізді ұзақ күнді қызметпен.

«Жарайды, бәрекелді... сабаз-ай!» – деп!

Алғысты берді оған өткен-кеткен» [10],

деген жолдарда «сабаз» сөзі де ерекше бағалауыштық қуатқа ие.

«Ақылың қайда кетті, данышпаным?

Серт етіп түспеске қол алысқаның?

Біреуге күлсең келер өз басыңа,

Табалап мұнан былай күлме, жаным!» [10].

Ал бұл шуамақтағы «данышпаным», «жаным» сөздері негізінен жағымды семантикалық мәнге ие сөздер болса да, бұл контексте жағымсыз мәндегі бағалауыш реңк беру қызметін атқарып тұр.

Жоғарыда тоқталып өткендей, сан жағынан алғанда, бағалауыш сөздердің етістіктер бағалауыш сөздердің ең көп кездесетін сөз табы саналады. Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан жинаған материалдардың негізінде бағалауыштық мәнге ие болатын қимыл атауын, көсемше, есімшені көрсете аламыз.

«Дегендер «мен жақсымын» толып жатыр,

Жақылығы өзінен артылмаған.

Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,

Ұмтылып, талап ойлап, талпынбаған» [11],

деген шуамақтағы ұмтылып, талап ойлап, талпынбаған деген етістіктер, яғни есімше, көсемше етістіктері осы бағалауыштық мағынаға ие болып тұр деуге болады.

Енді зат есімге жататын бағалауыш сөздерге тоқталайық. Сөздің денотат мағынасында да, коннотат мағынасында да қолданылатын бағалауыш сөздер, негізінен ауыспалы мағынада, эмоционалды-бағалауыштық мағынада тұрады. Мәселен,

«Қырағы, қия жазбас сұңқарым – ай!

Қажымас қашық жолға тұлпарым – ай!

Үйілген өлексені өрге сүйреп,

Шығармақ қыр басына іңкәрің – ай!» [11],

деген өлең жолдарында «сұңқар», «тұлпар» сөздері ауыспалы мағынада қолданылып тұр, яғни метофаралану арқылы адресатқа, өлең арналған адамға эмоциялық-бағалауыштық мән беріп тұр.

Жалпы сөйлемде қолданылу ерекшелігіне байланысты кей мөлшер, сын-бейне, күшейткіш үстеулер бағалауыш мағынаны білдіруге бейім келетінін байқауға болады. Қимылдың, сынның дәрежесін, сапасын, тәсілін, бейнесін білдіруі, заттың сынын, қимылдың мөлшерін я аса күшейтіп, я аса солғындатып көрсетуі осының дәлелі бола алады. Мысалы, «Ат оған ешбір жауап қайтармайды.

Ауырлап жүгін Есек қайқандайды.

Еңтігіп, ішін соғып, дымы құрып,

Жүрерге онан әрі жайы қалмайды» [11],

немесе

«Қараңдар! Шара бар ма, мына сорға?

Аяғын Ат келеді басып зорға.

Қысымды Есек көрген бұ да көріп,

Болдырып, былғақтайды онды-солға...» [11], –

деген шумақтардағы онан әрі, зорға деген үстеулер бағалауыштық мағынаға ие болып тұр.

Осы мысалдар арқылы бағалауыштық мағына түрлі сөз табына тән деген қорытындыны негіздеуге болады. Яғни бұл тұрғыдан алғанда, баға, бағалау ұғымы тілімізде кең таралған құбылыс екенін аңғарамыз. Яғни белгілі бір сөз бір ғана сөз табының ауқымына сыймайтын, кең құбылыс. Жоғарыда келтірілген Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан келтірілген бағалауыш сөздер қазақ тіліндегі бағалауыштық мағынаның сан қырлы екенін, контекстке қарай түрленіп, байланысқан сөзімен, түрлену тәсілдерімен әр қырынан көрінетінін аңғартады.

Қорытындылай келе, аясы кең бағалауыш ұғымы тілдегі барлық ерекшелігі, берілу жолы, контекстегі көрінісі, қызметі арқылы грамматикалық та, лексикалық та көрсеткіштер арқылы берілетін семантикалық тұрғыдан ірі лексика-грамматикалық категория деп тануға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов / О. С. Ахманова. – Москва : Сов.энциклопедия, 1966. – 608 с.
2. Ильина Н. В. Структура и функционирование оценочных конструкций в современном английском языке / Н. В. Ильина. – Дисс. канд. фил. Наук – Москва: 1984. – 199 с.
3. Виноградов В. В. Основные типы лексических значений слова / В. В. Виноградов. – Вопросы языкознания, 1953. – 3-29 с.
4. Есенова Қ. Баға немесе бағалай сөз саптау / Қ. Есенова. – Қазақ тілі мен әдебиеті, 1996. – №7-8. – 62-66 б.
5. Момынова Б.Қ. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы) / Алматы : 2003. – 228 б.
6. Нұрғожина Ш. И. Эмоциональность и экспрессивность высказывании устной речи / Вестник КазГУ. Серия филологическая. № 48.2001. – 30-34б.
7. Бондарко А. В. О некоторых аспектах функционального анализа грамматических явлений / Лениноград : Наука, 1973. – 356 с.
8. Момынова Б.Қ. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы) / Б. Қ. Момынова. – Алматы : 2003. – 228 б.
9. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы : Қазақстан, 1998. – 400 б.
10. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – 384 б.